

Л2005  
5674к



ариза

н Гарсынова



# Фариза Оңғарсынова

---

ҮШІНШІ ТОМ



“Елорда”  
Астана - 2004

# Фариза Оңғарсынова

---

ҮШ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАФЫ

Фариза  
Онғарсынова

---

---

ББК 84 Қаз 7-5

О 61

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ  
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Оңғарсынова Ф.**

**О 61 Өлеңдер, дастандар. III том.**

— Астана: Елорда, 2004. — 256 бет.


ISBN 9965-06-350-8

Қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынованың үш томдық шығармалар жинағының үшінші кітабы соңғы жылдары жазған жаңа дүниелермен нұрланады.


О 4702250202-287  
450(05) - 04

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-06-350-8



© Оңғарсынова Ф., 2004  
© “Елорда”, 2004



Темірхан МЕДЕТБЕКОВ

## “ҚАСИРЕТТЕН ТҰРАДЫ БАҚЫТЫМ Да”

Ақынның тұтас бір әлемге айналуы – кез келген таланттың, тіпті, кейде тегеурінді таланттың да мандаудына біте бермейтін құбылыс. Әрине, ақын тұтас бір творчестволық әлемге бағы жаңып, жолы болып кеткендіктен немесе әлде-қандай бір желеп-жебеушілердің қолынан тартып, қолтырынан демегендігінен айналмайды. Өйткені ақын ол творчестволық әлемді өзінің талант, зейін-зерде, ілім-білім, мандаудай тер қуатымен дүниеге келтіреді. Шынында да, ол творчестволық әлемнің тұтас бір табиғатын, ауа-райы, көлі мен шөлін, қысы мен жазын, қысымы мен қызының түзіп, жаратылысқа айналдыру оңай шаруа емес. Ондай жанды жаратылысты ғұмыр бойы толастамайтын қуатты творчестволық толғақ қана дүниеге келтіре алмақ.

Арғы-бергі қазақ олеңіндегі ат тобеліндей жұлдызды шоғырдың ішінде Фариза Оңғарсынова атты тұтас бір творчестволық әлемнің де бар екені айдай ақиқат. Ол әлем, әрине, жылыға орап, жұмсағын алдына тартып, сені бойкүйез, бейжай күйге түсіретін, бір сөтке болсын өткенінді ұмыттырып, ертеңінді естен шығаратын көгілжім аспан астында көз бен көңілді қатар арбап көсіліп жатқан кокорай шалғынды әлем емес. Ол әлем – дауыл тұрғызып, дабыл қактырып тұрған әлем. Ол әлем – шарпылыстар мен тартылыстардан, қактығыстар мен соктығыстардан, бұлқыныстар мен сілкіністерден тұратын әлем. Яғни, ол творчестволық әлемнің климаты – тобенден себезгілеп сөуле төгіп, әлсін-әлсін аспаннан жаңбыр бүркіп, табаныңа шүйгін шалғынның ұлпа мамығын төсеп, жаныңды жадыратып, рахатқа бөлөр субтропикалық жібектей жұмсак климат емес, ол творчество-лық әлемнің климаты – анқанды кептірер атап пен аңызактан, құтыңды қашырап құбылған боран мен сақылдаған сары аяздан тұратын субконтинентальді қатал климат. Сондықтан да оның поэзиясы – өз қырманының көңілін аулап, кішкентай кірбің-ренішін жуыш-шаям деп сылап-сипап, бәйек бола қалатын елгезек поэзия емес, қайта қалғып кеткен қыр-

ман көңілін алай-дүлей етіп, астан-кестенін шығаратын, кірбің-ренішін күл етіп ұшырып, оның жан жүргегіндегі жараны қандауырмен қанын сорғалатып тұрып сұлып тастайтын адудынды поэзия.

Ажалмен айқасқан сәтте  
Қыршын жас көз ілгенін көріп,  
өткінші сезімдерді көріп,  
кешегі доспын дегеннің  
минутта жерінгенін көріп,  
кімнен өшімді аларымды білмей,  
кімдерге кінә тағарымды білмей,  
алдына лапылдал кслем,  
жарылуға жақындал келем.

Ақын жаны құйындағы үйірілген құбылыстарға толы. Ол қасқағым сәтте қыршын жастың көз жұмғанына қайғырып, өткінші сезімінің өртіне шарпылып, опасыздыққа опынып үлгерді. Енді ол өлең бол құйылмақ...

Біз бұл макаламызда сол Фариза Онғарсынова атты олең – әлемнің бойында жүріп жатқан жанды құбылыстардың кейбір сәттеріне көз жібермекпіз.

Фариза Онғарсынова да жүрттың бәрі секілді әдебиет табалдырығын ел мен жер, әке мен ана, табиғат пен тіршілік, ерлік пен еңбек, өмір мен тағдыр, достық пен махабbat сияқты ақындар қанша жырласа да тозып тот баспайтын, көнеріп, көмескі тартпайтын атамзаманин бері келе жатқан ежелгі тақырыптарды жырлап аттады. Тағы да ол тақырыптар дәстүрлі канонда – серт пен сенім, аңсау мен сағыныш, мақтаныш пен сүйсіну негізінде жырланды. Бірақ, осы таптаурын нұсқаның тар көйлегін киіп алған сол алғашқы өлеңдердің өзінде бір бұлқынған күш, арнасынан асып төгілгелі тұрған ағыс, қажырлы қайрат, адудын мінез сезілетін. Ақынның талант табиғатынан сес беріп қалатын осы бір қасиеттер өсіреле махабbat тақырыбына арналған өлеңдерінде ерекше көзге тұсті.

Шынын айту керек, Фариза Онғарсыноваға дейін қыз-келіншектеріміздің де махабbat тақырыбына арналған өлеңдері, негізінен, бір қалыптан шыққандағы бір-бірінен аумай жататын. Сондыктан да ол өлеңдер адам жанының табиғи сезіміне емес, заводтың өніміне көбірек ұқсаушы еді. Жасандылық. Штамп. Ол кездердегі өлеңдерде екі жас қалай

да толысқан ай астында қол ұстасып, жымыңдаған жұлдыздардың сөулесі түскен көл ұстінде қайықпен қыдырып, құйып тұрған жаңбыр астында құшактасып, сылдыраған бұлақ басында кездесіп, сыбдырлаған жапырақ астында сүйісп тұратын. Өзгеріс болған жағдайда да, тек олардың орны ауысатын да, сөзі мен ісі қалпында қалушы еді. Сонымен бірге, қыздарымыз ол өлеңдерде тым именшек, тым бүйіғы боп келетін. Тағы да ол именшектік пен ол бүйіғылықты ибалық пен ізетке теліп өспеттеп бағушы ек. Содан барып махабbat тақырыбына арнаған өлеңдерімізде лакке малып алғандай жылтыр сөз, майлап қойғандай күлімдеген көз қаптап кетті. Осы бірінің аузынан бірі түскендей “джентельмендер” мен “бикештер” образдары біз үшін үйреншікті образдарға айнала бастаған-ды. Тіпті, ол өлеңдердегі махабbat драмалары да (айрылысу, ренжісу) бірер жаттанды арзан сценалармен басталып, аяқталып жататын. Осы бір сіреу қардай сіресіп жатқан штампты алғаш бұзғандардың саны екеу болса, біреуі – Фариза, біреу болса – өзі.

Фариза Онғарсынова алғашқы өлеңдерінің бірінде-ак “сыйласудан тағдырдай шын махабbat тумайтынын” кесіп айтты. Өйткені махабbatқа ай астында серуендең қайту емес, тағдыр деп қарады. Сондықтан да ол:

Шынымен болып жүрсе жаның ғашық,  
Сен маған жалынбашы,  
Табынбашы.  
Ер мінезді жігітті үннатады  
Осы бір қарындасың,

– деп әбден мезі қып бара жатқан өлгіндей шарттылыққа қарсылық көрсетті. Бұл “сіз”, “біз” деп сызылып, қылымсып тұрған жасанды сөз, жаттанды сөз, жаттанды қылышқа қарсылық болатын. Ақының махабbat тақырыбы өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер оқырман көңіліне асау мінез, шалт қимылдың адамы болып енді. Оның әдемі сөздерге жаны қас, оның “сүйері – ашы шындық”. Сондықтан да оның жаны “жүректің жалынымен сүйгізе алатын жігітті” қалайды. Міне, ол лирикалық кейіпкер де өмірдің сан тарау тармағынан, тар жол, тайғақ кешулерінен өтті. Есейді. Ол махаббаттың қызығынан гөрі, азабын көбірек тартты. Бірақ мойып, жасыған жоқ. Дей тұрғанмен...

Қуанышты мендегі  
сенің қайғың улайды.  
Ешбір адам жердегі  
білмейді бұл мұң жайлы.  
Сүйсе, бақыт емес пе –  
мен біреуге тәттімін.  
Түсесің де сен еске,  
сап болады шаттығым.  
Аяз шарпып денені,  
сүйген болам бекер кеп,  
сені іздегім келеді,  
қай жерде отыр екен деп.  
Сен жайлы ойды жасқадым,  
қалмасын деп ол біліп.  
құшағында басқаның  
сені ойлаймын. Сорлылық.

Өмірді ең болмаса “икс пен игректі” қосатын алгебрамен  
де емес, екі мен екіні қосатын арифметикамен өлшеп үйреніп  
қалған бейшара педант пен адам жаңының иірім-қалтарыс-  
тарындағы сезім құйылыстары мен құбылыстарынан бейха-  
бар, тоңазытқыштан шыққандай қара мұздай сұп-сұық, сезім  
атаулыдан жүрдай моралист үшін бұл олендегі лирикалық  
кейіпкердің мінезі – қауіпті мінез. Бірақ, ол қайдағы бір бей-  
шара педанттар мен қайдағы бір темір ми, темір жүрек  
моралистерден қорқып, жан сырын жасырып, бүкіл болмы-  
сын бүгіп қала алмақ емес. Оның жан сырын жасырып,  
болмысын бүгіп қап, өлең алдында күнәға батар жайы жок.  
Өйткені ол үшін өлең – ар мен ождан сөзі. Ал ар мен ождан  
алдында сырын жасырып, болмысын бүгіп қалса, онда оның  
кім болғаны?! Онда оның ақиқат, шындық алдында қиянат  
жасағаны да. Ал ақиқат пен шындық ылғи да көзben көріп,  
қолмен ұстайтындағы қасаң фактіден түрмайды. Кейде ол  
осындағы көзben көріп, қолмен ұсташа болмайтын ішкі алай-  
дулей арпалысқан сезім фактілерінен де тұрады.

Бірақ бұл өлеңге қарап, Фаризаның лирикалық кейіпкери  
екіудай сезімінің ортасында өртеніп жүрген жан екен деп  
ойлап қалуға болмайды. Ол сол бір қын, құбылмалы сәт-  
тен тез арылған. Енді ол бұрынғысынан да батыл, бұрынғы-  
сынан да жігерлі:


Керек емес мекерлік, айла маған:  
сүйем сені сескенбей айналадан.  
Менсіз сезбей, ұға алмай қаласың сен –  
қайда жүрсің, тұрғаның қандай алан.  
Біреулер бар сескеніп аяқ басса,  
біреу көріп түр ма деп тайғанаған.  
Жалтақтамай солардың барлығына,  
Тірлігінді бір өзім жайлап алам.  
Ақ сезімді алдына селдетемін,  
Тек сен шыдар ма екенсің... қайдам, оған...

Лирикалық кейіпкер өз сезімін айтқанда неге соншалықты батыл, ал жігіт сезіміне келгенде неге үргедек? Бұл да өмір. Бұл да тағдыр...

Жалпы, Фариза Оңғарсынова махаббатты бәз біреулердей татқан сайын тата бергісі келетін қызықты тәтті дәурен, жүрген сайын жүре бергісі келетін сауық-сайран кезеңі деп қарастырмайды. Тіпті ол оны белгілі бір кезең мен дәуренге бөлмейді де. Өйткені ол махаббатты бүкіл адам өмірінің ғұмырлық жан серігі деп үғады. Бұл жерде әңгіме сенің сүйгеніңе қосылған, қосылмағаныңда емес. Бұл жерде әңгіме сенің махаббатсыз өмір сүре алмауында. Яғни, ақын сен сүйгеніңе қосылсан, махабbat бар да, ал тағдыр-талайыңың қалауымен сүйгеніңе қосыла алмасан, сенің бойынан да махабbat құриды деген тоғышар, эгоистік пікірге бар болмыс-бітімімен қарсы.

Фариза Оңғарсынованың творчествосында айтпай кетуге болмайтын тағы бір кезеңді сала бар. Ол – тарихи тұлғалар мен өз көкірегінде қорытқан тағдырлар арқылы дүниеге келтірген қазақ әйелдерінің рухани портреттері. Ол портреттер бақ пен сордың, мұң мен қуаныштың, ұміт пен күдіктің, нала мен шаттықтың, у мен балдың, коз жасы мен күлкінің, ашу мен сабырдың, көлеңке мен күншуақтың, кек пен кешірімнің контрасты бояуларымен салынған.

Біз бұл жерде Ақбебек, Майра, Саралардың рухани портреттерін аз-кем жинақтап қарастырып көрейікші. Ол тарихи тұлғалардың қай-қайсысы да өз басынан өткен ауыр хал, тартқан тауқыметтерін саусағын бүгіп санап, оларды саған белгілі қашықтықта тұрып баяндап жатпайды. Олар сенімен аралықтағы қашықтық – дистанцияны тас-талқан етіп, сол әлеуметтік теңсіздіктер мен алысып-арпалысқан, нальш-күйінген, бұлқынып-бұрқанған қалпында сенің ішкі



дүниене еніп кетеді. Олеңді одан өрі оқи берсең, өзің де Ақбобек, Сара, Майра боп сойлеп кететініңді әрі-беріден кейін андамай қаласың. Сен енді бірте-бірте омірге, заманға сол Ақбобек, Сара, Майралардың көзімен қарай бастайсың. Бұдан да дәлірек айтсақ, олар сен арқылы сойлеп, сен солар арқылы өлең оқып тұрғандайсың.

*Ақбобек:*

Құса боп өтсе, қыздары елдің сөні ме,  
Халқым-ау, қалай төзгенің!  
Алдамшы екен ғой мынау жалғанда бәрі де,  
Махаббатымнан өзгенің.

*Сара:*

Әділет кетсе хандардан,  
халқына шаттық аз шығар,  
жазықсыз көзден жас шығар,  
бірлігі тайып басынан,  
ірмекті сүттей ашыған  
абыройы елдің шашылар,  
жаулары таптап басынар.

*Майра:*

Болғанмен жырым – жакұт, әнім – аскак,  
алмастай өмірімнің әрі қашпақ, –  
шырқайтын сандуғаш үн сайрай алмай,  
жыр көшін бара жатса жабы бастап....

Өкініштің өрті, ыза мен наланың үні, уақыт пен заманың рухы сіңген бұл жолдарда сенің де торығып, жабыққан жан-жүрегінің сазы, бұлқынып аққан қан тамырларыңың сазы бар екені сөзсіз. Асылы, нағыз ақынның қеудесінде ел мен жердің жүрегі соғып, оның жанына ел мен жердің рухы үя салатын болса керек. Ақын жүрегін жарып шыққан жырдан сен өз жүрегінің лұпілі мен өз қан тамырларыңың ағысты сарынын еститінің, бәлкім, сондықтан.

Фариза Онғарсынова да – дәл сондай қеудесінде ел мен жердің жүрегі соғып, жанына ел мен жердің рухы үя салған ақын.

Ақын әлгіндей тарихи тұлғаларға айналып кеткен Ақбебек, Сара, Майралардың рухани портреттерін салып қоймайды, сонымен бірге солардың көзімен сол бір заман мен уақыттың кескін-келбетін, дәлірек айтсақ, образын да сомдайды.

Фариза, сондай-ақ, есімдері “қос ішектен шығатын” бір үнге айналып кеткен, “алау көңілдері бозбаланың деміне емес, соғыстың жалынына шарпылған” аяулы Әлия мен Мәншүктер жайында, “табысына анасындаң қуанып” отыратын Мәриям Хакімжанова мен “әлемді өнмен арбап тастай алатын” құдіретке ие Бибігүл Төлегеновалар туралы, дала-сының “тағдыры, тауқыметін көтеріп бара жатқан” Кәмшат пен анасымен сырласып отырған ақын әйел хақында жазған өлеңдерінде осы бір кредитоны Темірқазық етіп ұстанады.

Бұл жерде тағы бір айта кететін нәрсе, Фариза Онғарсынова – қазақ өлеңінің тұр-ұлгілерін барынша кең қолданған ақын. Жалпы, Фариза жырларының о баста кіндік қаны дәстүр топырағына тамып, сол дәстүр топырағының қызы мен құнарын бойына молынан сіңіріп ержеткеніне бүгінде көз жеткізу қын емес. Қасиетті жеріміздің қара топырағында армансыз аунап-қунап өскен тұла бойы қазакы қажыр мен қайраттан тұратын ол күнсінді қызу өлеңдер бүгінде өзінің ел алдында әлеуметтік, мәдени, рухани міндеттерін атқаруда.

Казірде Фариза Онғарсынова – дәстүрлі поэзиямызды одан әрі жалғастыруши іргелі ақындарымыздың бірі. Бұл жерде орайы келіп тұрғанда, бір мәселенің басын ашып алғанымыз дұрыс. Біреулер дәстүр жалғастыруши деген сөзді тым үшқары түсінеді. Олардың түсінігінше, дәстүр жалғастыруши ақын – өлеңді белгілі-бір дәстүрлерде, ұлттық колоритпен жазатын ақын деп біледі. Бұл – тым саяз түсінік.

Біздің түсінігімізде, дәстүрлі ақын – дәстүрді жаңа мазмұнмен, тың образ, терең философиямен, тосын теңеу, жаңа саз оралымдарымен байытушы ақын. Олай болмады ма, онда ол – дайын асқа тік қасық! Онда ол – дәстүр топырағының бар құнарын бойына құныға сорып, обып жатқан, бірақ өзінің берері жоқ, барып тұрған асыранды жатыпішер. Ал мұндайлар, сақ болмасақ, құнарлы дәстүр топырағын аздырып-тоздырып, түяқкесті етіп, ақшандакқа айналдырып жіберері сөзсіз. Шынын айту керек, қазір қазақ поэзиясында жұртты елең еткізерліктең алып келген бір образ, бір теңеуі жоқ, бірақ дәстүрдің ең құнарлы шүйгін жерлеріне қосын тігіп ап шалқақтаған асыранды жатыпішерлер көбейіп кетті. Жә, мұны тағы бірде кең көсліп отырып сөз етерміз. Біз негізгі әңгімемізге оралайық...

Жетпісінші жылдардың соны мен сексенінші жылдардың басында Фариза Онғарсынова творчествосы жаңа бір кезеңге



көтерілді дей аламыз. Ал шын ақын көтерілген жаңа кезең –  
кай уакта да, қандай жағдайда да – әдебиеттің де айтулы сәті  
боп саналары хак. Олай болса, ол кезеңді айналып өту, көре  
тұра көрмегенсу тек ақын алдында ғана емес, әдебиет ал-  
дында да күнә болар еді. Дәл осы кезеңде ақын да өзінің  
бойындағы сол дүлей қуатты, тың күшті сезіп, өмірге,  
тіршілікке басқаша қарай бастады.

Енді үнілсем:  
жер басқа, аспан да ерек,  
күштер де өзге жүретін жасқап, жебеп.  
Тегі, маган азабын, ақырестің –  
бәрін, бәрін қайтадан бастау керек.

Осы тұстағы Фариза Онғарсынованың олеңдері жарқ етіп  
тұтанып кетуге, лап етіп өртенуге, бүрк етіп қопарылуға  
дайын тұрған қасиеттерге ие. Бейнебір ақын сөздерді ішкі  
дүниесіне салып қорытқанда, оларға тез тұтанғыш, тез қопа-  
рылғыш бір элементтерді қосып жіберетіндей. Содан ба екен,  
Фариза Онғарсынованың әрбір олең жолы қопарылыстар мен  
жарылыстар тудыратын бикфорд шнурларын еске түсіреді.  
Бұл жерде заңды сұрақ тууы мүмкін. Ақын сонда күйретуші,  
киратушы күшке ие болғаны ма? Дәл солай. Бірақ оның  
кирату, күйрету күші адам жанының тұқпір-тұқпіріне, жық-  
пыл-куистарына ендел кіріп, оны рухани жағынан ірітіп-  
шіріте бастаған әлеуметтік дертерге – менмендікке, опасызы-  
дыққа, немқұрайдылыққа, немкеттілікке, әзәзілдікке, жа-  
ғымпаздыққа, жарамсақтыққа қарсы бағытталған. Дәлірек  
айтсак, ақын сөзі – әлгіндей әлеуметтік дертердің адам жа-  
нының жықпыл-куистарындағы үялары мен құркелерін  
өртеп, қопарадай құдіретті қуатқа ие. Тағы да, ақын ол өрт  
пен қопарылысты өзгеден емес, өзінен бастайды.

О бастан бергі шетін істерім,  
елемей көздің еті де іскенін,  
тойғаным тасып...  
солардан бүгін  
бойыма сіңбей отыр ішкенім.  
Кеудемді қысқан менмендіктердің  
талқандап құрсау-бекіністерін,  
өртендер мені, өкініштерім!



Міне, ақын оз бойындағы құрсау-бекіністерін талқандалап, оларды өртке беріп отыр.


Біз кейінгі кезде азаматтық деген сөздің де құнын түсіріп, қуатын әлсіретіп алып жүргендейміз. Біз көбіне-көп азаматтық деген сөзді мінбеге шығып алып жүрттың бәрін жақсы болуға үгіттеп, дұрыс жүріп-тұруға шақырып, жапырып жұмыс істеуге үндейтіндерге қолданамыз. Сөйтіп, біз азаматтық деген үғымға тым жеңіл міндет жүктеп қойғандаймыз. Қазір біздің әлеуметтік өмірімізде “әркім өзінен бастау керек” деген сөз жиі айтылады. Үлкен мағынаға ие сөз. Бірақ өзінен бастап жүрген адамды көріп жүрміз бе? Олар көп пе, аз ба? “Өзінен бастау” деген сөз тек жұмыс істеу ғана ма?! Мүмкін, солай да шығар. Бірақ, мен өз басым “әркім өзінен бастау керек” деген сөзді, ең алдымен, әрбір адам өзінің бойындағы кемшіліктермен, өзінің бойындағы әлеуметтік дерттермен аяусыз күресе білу деп білем. Ал біз өз бойымыздағы кемшіліктермен, келенсіз құбылыстармен күресіп жүрміз бе? Өз бойымыздағы сол кемшіліктер мен келенсіз құбылыстардың атын атап, түсін түстеп, айдай әлемге жария етуге біздің батылымыз жете ме? Жетсе, сен нағыз азаматсың! Өйткені біреудің бойындағы кемшілікті, тіпті, заман мен қоғам бойындағы келенсіз құбылыстарды айту бүгінгі таңда соншалықты қын емес. Мықты болсан, сен өз бойындағы кемшілікті айтып көр. Сонда ғана сен нағыз батылсың, сонда ғана сен нағыз азаматсың.

Фариза Онғарсынова – дәл осындай батыл да, азамат ақын.

Өлең жазам өзімше данышпансып,  
жандай менен басқаға намыс таңсық.  
Жарамаймын сөйтсем де құлап жатқан  
саз балшықтан алуға танысты аршып.

Жүрсем деймін жүрт жетпес бағаны алып,  
қарсы келмес өмірде маған анық –  
біреулерді жиып ап айналама,  
көсем болып отырам дараланып.

Көре тұра жандарды еңбегі шың,  
кердендеймін еректей елден ісім.  
Қалу үшін адам боп өз кеудемнің  
менмендігін баса алсам – сол жеңісім!



Шынын айту керек, өзін-өзі жұрт алдына шығарып дәл осылай айыптау кезінде көбіміздің қолымыздан келген жоқ, әлі де келе қоюы екіталай. Өйткені, біз ұзақ жылдар бойы табиғи мінез құбылыстарын емес, әлеуметтік дерпті құбылыстарды актау үшін қолданылып келген “кемшілік кімде жоқ дейсің” деген тоғышар принциптің тасасына тығызып, соны паналап үйреніп алғанбыз... Яғни, осы бір шірік принцип арқылы өзіміздің бойымыздағы кемшілікпен келісімге келіп, ол кемшілікті сырт көзден бүркеп-жасырып, тіпті, керек кезінде оны қызметке жегіп қоятын дәрежеге жеттік. Ал өз бойындағы кемшілік, келенсіз құбылыстармен келісімге келген, оларды тұмшалап, жасырып бақкан жан басқа адам мен заман бойындағы кемшіліктерге де, келенсіз құбылыстарға да көз жұмып қарайды. Міне, ақынның алмастай өткір ақиқатты айтқан өлеңінен алар тәлім біз үшін осы.

Өзін көпшіліктің алдына шығарып, шындықтың аптабына күйдіріп, аязына тондырып шындалап, шынықтырып алған ақын енді адам мен заманның тұла бойын жайлап бара жатқан әлеуметтік келенсіздіктермен анық күреске шықты:

Қызықтырмай өзгенің атақ, әні  
жүргенімнен көп уды татам әлі.  
Досын сатқан жандардан жиренемін,  
Отанын да ондайлар сата алады, – деп кесіп тастайды да:

Кей адамда қылық жоқ аяр аса,  
бойы – биік бақандай, ойы – аласа.  
Болмысымен тұру жоқ, жүре алмайды  
беттерін де, мәнін де боямаса.

Бірак, олар кенейтіп жиі өрісін,  
тауып ала қояды сүйенішін.  
Олар солай. Оларға қол соғатын  
жандар үшін өртеніп күйеді ішім, – деп күйзеледі.

Әділіне жүгінсек, әр сөзден сезіктеніп, әр үтірден күдіктеніп, әрбір әріпті ежіктең оқыған тосқауылы көп кешегі тоқырау заманында Фариза Онғарсынова сынды ақиқатты айқайладап, шындықты шырылдаған ақын кемде-кем. Бұл ретте ол таймас табандылық көрсетті. Бұл жолдан ол:



Жылап жатам, төсектен тұрам жылап,  
женілдік жоқ жанымға мұнан бірақ, – деп күйінсе де қайтқан жоқ. Қайта, бұрынғыдан да ширығып, бұрынғыдан да өжеттеге түсті. Солай бола тұра, ақынның аузын ашқызбаган үнсіздік кезеңге деген, бұрын айтылмай келген ойларына деген өкініші қандай десенізші! Ақын қасіретінекабырғаң қайысады:

Періштесіп, адалсып жүргеніммен,  
созған болып қолымды Күнге құлген,  
ой-баламның талайын тұншықтырып,  
бүрісемін тышқандай інге кірген.

Тұғызуға ойымның жалқыларын  
ұятсындым, қорықтым, қалтырадым.  
Сәбілерін жерлеген ана сынды  
Жер бетінен жай таптай шарқ ұрамын.

Қанша ойы мен сөзін жерге беріп, “жер бетінен жай таптай шарқ ұрған” ананы, рухани ананы көз алдыңызға елестетінізші! Сөзі мен ойын сәбиіндей көретін ақынды рухани ана демей, не дерсің! Олай болса, оның қасіретін бар жан-тәніңмен егіліп, езіліп сезінбеу мүмкін бе?

Жалпы, Фариза Онғарсынова жырларында қайғы-қасіреттің сұық лебі сезіліп тұрады. Айдың, Күннің аманында ақынды алып бара жатқан ол не қасірет дейсіз ғой. Ол – манадан бері айтып отырған адам мен заман бойына мерез боп жабысқан әлеуметтік дертер. Әзір ол дертер бар боп тұрғанда ақын өзін қайғысызбын, қасіретсізбін деп айта алмақ емес. Тіпті, ол өзінің бақытына да осындай қайғы-қасірет арқалап жүріп қол жеткізген. Енді ол өз бақытын қайғы-қасіреттен бөліп ала алмас халде.

Менің бақыттылығым сол жалғанда –  
қасіреттен тұрады бақытым да!

Халықтың, адамның, заманың рухани тазалығы үшін бітіспес күреске шыққан нағыз азамат ақын ғана осылай сөйлей алса керек.

\* \* \*

Жаным – дала, когінен бұлт арылмай,  
батпан зілдер басса да, жүр тарылмай.  
Шідерлеулі көңілді зулат, жырым,  
баяғының құс қанат тұлпарындей.

Елтімейді қалғыған шаққа жаным,  
ұмтылыста, жүйіткүде бақ, талабым.  
Талма шақта талықсып кетсем, жырым,  
сен қақырат мәңгілік қақпаларын.

Жол – дария, түрмайды ағын ұрмай,  
Жоғалма, жыр, жылдарға тамырың жай,  
дәуірлердің дауылы дақ салмаған  
ата-мұра қобыздың сарынындей.

Жүрек жазбай жұптасқан ғұмырласым,  
жыр-әуезім суарған мұным, жасым  
ойсыздықтан өрекліп тойғандардың  
құлағына қайғы бол ызындастын.

Рақат тұн, дырду мен дабыр қалып,  
жазылған жыр жүректің шамын жағып  
елдігі мен ерлігі қалғығанды  
аттан салып оятын дабыл қағып.

Дүниеден іздеумен нұрлы бесін  
талпыныстан танбаған жыр-күресім  
адамдық пен адалдық семсеріндей  
жағымпаздың ту сыртын тілгілесін.

Зула, менің жыр-күйем, шабыт жегіп,  
жер бетіне ғұмырлы жарық беріп,  
жүректердің құрсауын ағыт келіп,  
зорлықтардың  
зардабын шеккендерге  
Әділеттен сыбаға алып беріп!



\* \* \*

Шаттанып тасыдым-ай бір  
тұрғандай жарап тарланым;  
иненің жасуындай бір  
сөуледен қанаттанғаным.

Өмірдің шатқал жарынан  
жүргенде борап қарларым,  
ойласам – тапқандарымнан  
көп еken жоғалтқандарым.

Ұмтылам бұлактарыма,  
сенімнің жебеді демі!  
Қүйғандай қуат жаныма,  
сол сөуле келеді мені  
  
жетелеп өмір төріне  
жайқалған байтақ ормандай.  
Жабырқау көніл-көгіме  
аққу-қаз қайта қонғандай.

Сөгер де тіл безеп бәрі  
жанармен қарап ызғардай,  
ғашық боп жүр ме деп тағы  
селтендеп бала қыздардай.

Сөуледей бұл сенім ізгі  
ғұмырды жалғаса не етем?!

Тек, осы нәр сезімімді  
жоғалтып алмасам еken!..



\* \* \*

Көздерінде  
ақыл, ой, мұң тұнады,  
адамдайсың қанбаған бір құмары.  
Жаның жүдеп, дәрменсіз отырасың  
маған қарай жүрегің бұлқығалы.

Мен біреуге жарқ етіп қарадым ба –  
қызғанасың  
жалт ойнап жанарында.  
Менің такаппарлығым тұншықтырып  
көмілесің амалсыз нала, мұңға.

Жүрегінді өртейді зар ма, мұң ба –  
Қайғы әкелер қол жетпес арман ұлға.  
Мен елік боп көзіңе көрінгелі  
Көріксіз боп кеткендей жан жарың да.

Үміттенер мен жақтан естілмейді үн,  
себей ме деп ой селін кештің кей күн.  
Әйел сезбес сыр бар ма бұл жалғанда –  
сезем бәрін. Білемін. Тек сүймеймін.



## СУАТТАР

Бір сергіп қайтсам ба екен елге барып,  
жанымға жарқын мінез жеңгені алып,  
жүзімді жоннан ескен желге жанып,  
сатусыз сезімдерге бір сұңгісем,  
сол ғана жүрегімді емдері анық.

Бас сүйер болмаса да бір туғаным,  
сеземін мені аялар жүртый барын.  
Қаншама құлшынғанмен, күңкілдердің  
шылбырын жетпей әсте қырқуға әлім,  
шаршады шырылдаумен бұл қу жаным.

Жоқ бүгін баяғы арын дауыл күткен,  
талықсып кетер жандай ауыр жүктен  
(шарасыз шақтарым ба жанымды үккен).  
Ойымша: елдегі жүрт елендесіп,  
жүргендей мені күтіп ауыл біткен.

Сағынып жас-кәрі де, жеңгелер де  
(сезімтал жеңгеге жан тең келер ме!)  
жастары – бауырым боп, үлкені – аға,  
шақырып жүретіндей кел деп елге.  
(бір жасап қалам осы ой тербегенде).

Ауыл, ел құятындаі қуат нәрін,  
тек содан оралардай шуақ таңым,  
қайтадан таралардай жыракқа өнім.  
Әйтеуір, есі-дертім – дала менің,  
нәр алар сонда зәмзәм суаттарым.



\* \* \*

Жырым еді жыласам жанды ұғынар...  
Бірақ соның арты – құм, алды – мұнар.  
Өлең деген өр мінез адамға ұқсас,  
әрқайсысының өз жолы, тағдыры бар.

Асқақ жандар алдында табынардай,  
ойлары өрен, болғанмен жаны қардай,  
шырғаланды, шенгелді жер бетінде  
жүрсе менің жырымның бағы жанбай,


оған мына мен ғана кінәлымын:  
анадаймын қор қылған қыран ұлын,  
қылышымды, өзімді жек көргендер  
жер бауырлап жырымды сынады мың.

Жек көргенді жолымнан ығыстырдым,  
жайпап өтіп жүзімен қылыш-жырдың,  
айылымды жинамай жалғызына,  
одан сайын жындарын құрыстырдым.

Ұғам – бұлай жоқ менің көгермегім.  
Қалпымдамын білмейтін өлер жерін.  
Жұртқа жақпас қындау қылышымның  
таксіретін тартып жүр өлеңдерім.

Тілегенмен біреулер тоқым қағып,  
әлі менің біткен жоқ отым жанып.  
Бір ақиқат – мен өшкен күннен бастап  
жылап тұрып жырымды оқыр халық.

Сонда кейбір адамдар көр кеуделі,  
ту сыртымнан қылыш ап төнгендері:  
“Жерлес едім, досы едім, қайтейін...” – деп  
жуындырар жасымен өлген мені.



Содан бастап арындал жыр-санлағым,  
жасы тамған жанарын Күн шалғанын  
көресіндер, қамаудың қақпаларын  
бұзып-жарып біржола шын самғауын.

Керек емес сонда оған таластарың,  
мақтауларың, мерт етер қарастарың.  
Қансыраған аққудай қайта түлеп,  
мені жоқтап шарлайды ол дала аспанын.



\* \* \*

Құшқанды мені жиі айқара мұн,  
жанарым жасқа толып, байқамадым:  
жас іні, жайсаң аға жақсылығын  
енді ойлап, дариядай шайқаламын.

Болғанмен жаным ізгі, бай талабым,  
сарқылып бітпесе де айтар әнім,  
бәрібір жарда жалғыз құрак едім  
о баста-ак құлататын жайпап ағын.

Ешкім де ғұмырымды демес керім:  
төзетін жерде төзбей, егескенім...  
Жер басып жүрсем өлі құлап, тұрып –  
ерлігім не еңбегім емес менің.

Кіргендей шенғел жердің жаңқасы кіл  
жүрсем де, тірлігімнің қалқасы – нұр,  
өзіме сездірмей-ак аялаған  
ортаның, адамдардың арқасы бұл.

Япыр-ай, бастасам ба қайта бәрін?  
Біреу-ак бүгінгі уайым, айтар әнім:  
осынау дариядай сезімдердің  
қарымын қалай, немен қайтарамын?

Салар ем әрқайсына алтын мұсін,  
жетпейді оған әзір даңқым, күшім.  
Тек, сендер қорғап қалған пәктігіме  
бір қылау тұсірмесе әр күнгі ісім.

Өмірдің сезінсем де таң, ызғарын,  
қызының жойған емес тамыз-жаным,  
жанымда қалғу бермес жалғыз жарық –  
сендердің алдындағы қарыздарым!